



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР


2019 жылғы 22 қаңтар

### БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 2018 жылдың қорытындылары бойынша 11,3% болды

Өткен жылдың қорытындылары бойынша Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі 2018 жылдың басынан бастап 20,6%-ға немесе 1,60 трлн теңгеге ұлғайып, 9,38 трлн теңге болды.

2018 жылы БЖЗҚ-тың зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде нарықтық талаптармен жалпы сомасы 1,46 трлн теңгеге инвестицияланды.

БЖЗҚ портфелінің құрылымы  
01.01.2018ж.



БЖЗҚ портфелінің құрылымы  
01.01.2019ж.



2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетел валютасындағы активтердің үлесі салымшылардың барлық зейнетақы жинақтарының 32,8%-ын құрады.

**Валюталарға қатысты портфель  
01.01.2018ж.**



**Валюталарға қатысты портфель  
01.01.2019ж.**



2018 жылдың қорытындылары бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен жоғары (5,3%) болып қалыптасты және 11,27% болды. Осылайша, БЖЗҚ салымшыларына олардың 5,97% мөлшердегі зейнетақы жинақтарына нақты кірістілік қамтамасыз етілді.

Қаржы құралдарын сатып алуды, сатуды және өтеуді қоса алғанда, басқару нәтижелерін, зейнетақы активтерімен жасалған мәмілелердің мәліметтері мен өлшемдерін қамтитын БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша барынша толық ақпаратпен БЖЗҚ ([www.enpf.kz/ru/indicators/invest/review.php](http://www.enpf.kz/ru/indicators/invest/review.php)) және Ұлттық Банктің ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) сайттарынан танысуға болады. Бұл ақпарат ай сайын жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)